

**<sup>1</sup>Насимова Г.Ө., <sup>2</sup>Кенесов А.А.**

<sup>1</sup>профессор, e-mail: Gulnar.Nasimova@kaznu.kz <sup>2</sup>доцент, e-mail: Ashat.Kenesov@kaznu.kz  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультеті,  
саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы, Қазақстан, Алматы қ.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СТУДЕНТТІК ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Зерттеудің тақырыбы қазіргі кезеңде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Біз, бұл мәселені ұзақ жылдар бойы зерттеп келеміз. Қазақстандағы студент жастардың құқықтық және саяси мәдениетінің қалыптасып дамуы саяси жүйеге тікелей ықпал етеді. Зерттеудің мақсаты қазақстандық студент жастардың құқықтық және саяси мәдениетінің арасындағы өзара қатынасты анықтау және сараптау. Мақаланың басты идеясы студент жастардың құқықтық және саяси мәдениетін айқындау және оның қоғамдық процестерге әсерін көрсету. Мақалада студент жастардың құқықтық және саяси мәдениеті талданған. Зерттеудегі негізгі идеялар мен ұсыныстар қазақстандық ғылым үшін маңызды ақпарат пен сараптама болып табылады. Жұмыстың нәтижелерін студент жастардың саяси мәдениеті мен құқықтық мәдениетін зерттеу барысында қолдануға болады. Сонымен қатар, жоғары және орталау оқу орындарының студенттері үшін қосымша ақпарат пен материал ретінде ұсынуға мүмкіндік бар. Жұмыстың әдістемесін теоретикалық және тәжірибелік әдістер құрайды. Қазақстан бойынша мыңнан астам студент жастардан сауалнама алынып олардың саяси және құқықтық мәдениеті көрсетілді. Сонымен қатар, студент жастардың саясатқа деген көзқарастары анықталды. Қоғамдағы өзекті мәселелерге деген қатынасы көрсетілді. Қазақстандық студент жастардың арасындағы құқықтық және саяси мәдениетінің арақатынасы негізделді.

**Түйін сөздер:** саяси мәдениет, құқықтық мәдениет, сайлау мәдениеті, студент жастар.

<sup>1</sup>Nassimova G.O., <sup>2</sup>Kenesov A.A.

<sup>1</sup>professor, e-mail: Gulnar.Nasimova@kaznu.kz <sup>2</sup>assistant professor, e-mail: Ashat.Kenesov@kaznu.kz  
Kazakh national university named after al Farabi, faculty of philosophy and political science,  
department of political science and political technologies, Kazakhstan, Almaty

### **Peculiarities of interaction of the legal and political culture of student youth in the Republic of Kazakhstan**

The research topic is one of the topical problems at the present stage. We have been studying this topic for several years. The formation and development of political and legal culture of student youth directly affect the political system of society. The purpose of the study is to identify and analyze the specific features of the interaction of the legal and political culture of student youth in the Republic of Kazakhstan. The main idea of the article is to show the features of the legal and political culture of Kazakhstan's student youth. The article analyzes the legal and political culture of student youth. The main ideas and proposals of the research can be used in the Kazakhstan science as an expert assessment. The results of the work can be used in the study of political culture and legal culture of student youth. In addition, the results of the work can be used by university students who study political science. The methodology of the work consists of theoretical and practical methods of research. Over a thousand students of higher educational institutions were interviewed in Kazakhstan and their level of legal and political culture was determined. Political views of the student youth of Kazakhstan were determined. The specifics of the interaction of legal and political culture of student youth of the Republic of Kazakhstan are substantiated.

**Key words:** political culture, legal culture, electoral culture, student youth.

<sup>1</sup>Насимова Г.О., <sup>2</sup>Кеңесов А.А.

<sup>1</sup>профессор, e-mail: Gulnar.Nasimova@kaznu.kz <sup>2</sup>Доцент, e-mail: Ashot.Kenesov@kaznu.kz  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет философии политологии,  
кафедра политологии и политических технологий, Казахстан, г. Алматы

### **Особенности взаимодействия правовой и политической культуры студенческой молодежи Республики Казахстан**

Тема исследования является одной из актуальных проблем на современном этапе, хотя изучается несколько лет. Формирование и развитие политической и правовой культуры студенческой молодежи на прямую влияет на политическую систему общества. Целью исследования является выявление и анализ особенности взаимодействия правовой и политической культуры студенческой молодежи Республики Казахстан. Главная идея статьи – показать особенности правовой и политической культуры студенческой молодежи Казахстана. В статье анализируется правовая и политическая культура студенческой молодежи. Основные идеи и предложения исследования можно использовать в Казахстанской науке как экспертную оценку. Результаты работы можно использовать в ходе исследования политической культуры и правовой культуры студенческой молодежи. Кроме того, результаты работы могут использовать студенты высших учебных заведений, которые изучают политологию. Методология работы состоит из теоретических и практических методов исследования. По Казахстану было опрошено более тысячи студентов высших учебных заведений и были определены их уровни правовой и политической культуры, политические взгляды студенческой молодежи Казахстана. Обоснованы особенности взаимодействия правовой и политической культуры студенческой молодежи Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** политическая культура, правовая культура, электоральная культура, студенческая молодежь.

#### **Кіріспе**

Тақырыптың қазіргі таңдағы өзектілігі соңғы уақытта әлемде болып жатырған саяси оқиғаларға негізделеді, соның ішінде әлемдік деңгейде жастар арасындағы қарсылықтар мен толқуларды айтуға болады. Осыған орай жастардың саяси-құқықтық мәдениетін зерттеу біздің қоғам үшін маңызды. Қазақстандық саяси ғылымда студент жастарды саяси категория ретінде зерттеуге арналған жұмыстар өте аз. Ал соның ішінде студент жастардың саяси-құқықтық мәдениетін зерттеген ғалымдар мен жұмыстар жеткіліксіз. Сондықтан, біздің зерттеуіміз қазақстандық саяси ғылым үшін маңызды деп ойлаймыз.

Зерттеудің нысаны студенттік жастардың саяси-құқықтық мәдениеті.

Зерттеудің пәні студент жастар арасындағы саяси-құқықтық мәдениеттің қалыптасып дамуы және олардың өзара қатынасы.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың негізгі мақсаты – қазақстандық студент жастардың саяси-құқықтық мәдениетін анықтау. Бұдан төмендегідей зерттеу міндеттері туындады:

- Студент жастардың саяси көзқарастарын зерттеу;
- Студент жастардың сайлау мәдениетін сараптау;

– Студент жастардың саяси-құқықтық құндылықтарын көрсету;

#### **Негізгі бөлім**

Ең алдымен студент жастардың саяси-құқықтық мәдениетін анықтау үшін оның негізгі өлшемдерін көрсету керекпіз. Біздің ойымызша ол өлшемдер студент жастардың саяси-құқықтық мәдениетінің көрінісі. Сондықтан, студент жастардың саяси-құқықтық мәдениеті төмендегі басты өлшемдерден құралады.

Сонымен, біздің ойымызша саяси-құқықтық мәдениет төмендегідей:

- саяси және құқықтық сананың деңгейі;
- тұрғындардың заңдарды және негізгі стратегиялық құжаттарды білуі;
- құқық нормаларын сыйлау деңгейінің жоғары болуы;
- заң шеңберінде әрекет етуге дайындығы;
- құқықтары бұзылғанда оларды қорғай алуы.

Саяси-құқықтық мәдениет мәселесі бойынша шетелдік және отандық әдістемелік зерттей келе студенттердің саяси-құқықтық мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін факторларды анықтадық. Біз оларды шартты түрде сыртқы және ішкі факторлар деп бөлдік.

Сыртқы факторлар: саяси жүйенің түрі, елдегі саяси мәдениеттің деңгейі, құқықтың білімнің

деңгейі, азаматтық қоғамның қызмет ету деңгейі, саяси әлеуметтену институттарының ықпалы, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары.

Құқықтық мәдениет саяси мәдениет сияқты демократиялық саяси жүйенің басты шарттарының бірі. Саяси-құқықтық мәдениет деңгейінің төмендігі, тұлғаның құқықтары мен еркіндіктерінің бұзылуына әкеледі және құқық құндылықтарының қажеттілігін жоққа шығарады. Құқықтық мәдениеттің жоғарғы деңгейі құқықтық мемлекет қалыптасуының қажетті шарты болып табылады. Сондықтан, азаматтарды құқықтық мәдениетке тәрбиелеу қоғам тұрақтылығының маңызды шарты.

Саяси-құқықтық мәдениеттің қалыптасуында саяси әлеуметтену институттары үлкен рөл ойнайды. Отбасы мәдени мұраның негізі болып табылады. Саяси мәдениеттің және азаматтық қатынастың құрылу әлеуеті отбасында.

Бұл үрдісте маңызды рөл бұқаралық ақпарат құралдарында. Қазіргі таңда БАҚ-тың қоғамдық пікірге ықпал етуі мен оны қалыптастыру мүмкіндігі өсіп отыр. Жастар әлеуметтік желілерді жиі қолданатыны бізге мәлім. Әлеуметтік желілер өздерінің үлкен манипуляторлық қорларын пайдалана отырып белгілі бір саяси күштерге тиімді стереотиптік пікірлерді, бағаларды, үкімдерді таратады және олар студенттердің мінез-құлқына тікелей ықпал етеді.

Ішкі факторлар, біздің ойымызша бірінші кезекте студенттер саяси мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін ЖОО. Біз, зерттеу барысында университеттердегі студенттер құқықтық мәдениетінің қалыптасуына қатысы бар ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды қарастырдық. Бұл орайда В.Ю. Живцованың әдісі қызығушылық тудырды. Ол университет студенттер саяси мәдениетінің қалыптасу үрдісінің моделін жасаған. Оған мақсат, индикатор, кезең және аталған үрдістің тиімділік шарты кіреді.

Оның ойынша, көрсетілген міндеттерді шешу барысында дидактикалық интерпретация арқылы университет студенттерінде құқықтық мәдениет қалыптастыру мақсатын нақтылау керек, олар өз кезегінде студенттің тұлғалық құқықтық мәдениеті туралы түсінікті қалыптастырады және когнитивті, операциялық-технологиялық, аксиологиялық, реттеушілік компоненттер арқылы проекцияға сай ықпалдасатын тұлғалық жаңару ретінде қарастырылады.

Компоненттердің қалыптасу дәрежесіне байланысты университет студенттерінің құқықтық мәдениетінің үш деңгейі бар: эмпирикалық, теоретикалық, біліктілік. Университет

студентінде құқықтық мәдениеттің қалыптасуы, үрдіс ретінде бір деңгейден екінші деңгейге өтуіне сай келетін екі кезеңнен тұрады (эмпирикалық-теоретикалық), (теоретикалық-біліктілік) [1].

Біз автормен келісе отыра, мақсат, индикатор, кезең және аталған үрдістің тиімділік шарты сипатталған университет студентінде құқықтық мәдениеттің қалыптасу үрдіс моделі қазақстандық жағдайда тәжірибелік деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін

Когнитивті (құқықтық білім, сыни ойлау, ойлаудың дербестігі). Қазақстанда жоғары оқу орындарының студенттері «Құқық негіздері», «Саясаттану», «Әлеуметтану» сияқты жалпы білім беру пәндері негізінде білім алады. «Философия» пәнімен қатар аталғандар студенттің дербестігі мен сыни ойын қалыптастыратын маңызды пәндер. Сонымен қатар, аталған пәндер бұрын міндетті компонент циклінде болған, ал жаңа МЖСБ бойынша олар элективті (таңдау) пәндер қатарына кіргендігін атап өту қажет. Бұл, біздің ойымызша саяси-құқықтық мәдениеттің қалыптасуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Операциялық-технологиялық компонент. ЖОО білім беру бағдарламалары, олардың ұйымдастырған шаралары студенттердің құқық саласында стандартты құқықтық жағдайды, құқықтық өзіндік білім алуға ақпараттық-бағдарлау қызметіне бағытталған. Құқықтанушылардың қонақ дәрістері студенттің шешім қабылдауда, құқықтық қатынаста коммуникативті дағдыларды қалыптастыруда құқықтық біліктілігін арттыруға бағдарланған.

Аксиологиялық компонент. Бұл бағыт адам, еркіндік, ынтымақтастық, құқық, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам секілді құндылық-бағдар иерархиясынан құралған. Біздің ойымызша, қазақстандық жастардың құндылық бағдарлары жалпылай алғанда қазақстандық қоғамның дамуымен байланысты және қазақстандық мәдениеттің құндылықтары мен идеяларының жаңа жүйесін құруға мүмкіндік бар деп есептейміз. Ол өз кезегінде қалыптасқан мәдениеттен өзгеше болмақ.

Көптеген жастар үшін жоғары құндылық ұлттық бірлік, бейбітшілік және келісімділік болып табылады. [2]. «Молодежь» F30 мәліметтері бойынша респонденттердің 28,5% маңызды құндылық ретінде Қазақстандағы халықтар үшін ортақ болашақ деп атап өтті, ал 18,3% ұлттық қауіпсіздіктің маңыздылығын, ұлттық бірлік және қоғамдағы бейбітшілік 39,1%, барлық ұлт үшін бір болашақ 28,5%, азаматтық теңдік заңдылық қоғам 15,2%, тарих, мәдениет және тіл

ортақтығы 12,3%, жауап беруге қиналамын 11,5%, рухани құндылықтардың тұтастығы 9,2%, еңбекқорлық және әділдік 6,1%, бейбітшілік және бейбітшілікті орнатуға қатысу 3,8%, ғалым дәрежесі мен білім 3,3% көрсетті [3].

Мемлекеттік және ұлттық мерекелерді ұйымдастыру басты тәрбиелік мағынаға ие, олар ұрпақтардың рухани-мәдени сабақтастығы мен өсіп келе жатырған ұрпақтың әлеуметтенуі үшін және моральді-адамгершілік, рухани құндылықтарды беруді қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады.

Студент жастардың клубтар мен үйірмелердің жұмыстарына қатысуы азаматтық жауапкершілік пен саяси белсенділік дәстүрін тәрбиелеу үшін аса маңызды.

Қазіргі таңда қазақстандық ЖОО-да студенттермен жұмыс жасаудың клубтық түрлері белсенді дамуда. Айталық, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өзінде 300-ден астам клубтар, үйірмелер және студенттік қауымдастықтар жұмыс жасайды. Клубтар мен үйірмелердің негізгі мақсаты: студенттердің демалыс уақыттарын тиімді өткізу, студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына тарту, олардың ғылыми қызығушылық салаларын анықтау, студенттер арасында ғылыми зерттеу жұмыстарын таныту, дамыту және белсендендіру, жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту, білім алуда кездесетін студент мәселелерін шешу, алдын алу, студенттерде дербестікті, белсенділікті және өмірлік бағдарын тәрбиелеу. Клубтар мен үйірмелер келесі бағыттарда жұмыс жасайды: ғылыми, кәсіби, қоғамдық, спорттық және тілдік.

Егер, соңғы үш оқу жылын алсақ, Қазақстан университеттерінде үйірмелерге қатысатын студенттердің үлесі 2,2 есе өскен, яғни жалпы санының 65 % құрайды [4].

Бүтіндей алғанда, азаматтық ұстаным, патриотизм, жоғары рухани-адамгершілік, құқықтық және дене тәрбиесі белсенділігін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған шараларда студенттердің үлесі 1,5 есе өскен және жалпы санының 80% құрайды [5].

Университеттерде құқықтық және электоралды мәдениетті көтеруге бағытталған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жүруде. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру барысында конкурстар, викториналар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және т.б. өткізу жастардың құқықтық және электоралды мәдениетін көтереді, сонымен қатар белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға көмектеседі.

Реттеушілік компонент, ол толеранттылықты, құқықтық тәжірибені, құқыққа деген сыйды, әлеуметтік жауапкершілікті, белсенді азаматтық ұстанымды, құқық шеңберінде әрекет етуді көрсетеді.

Бүгінгі күнде, студенттік ұйымдардың қызметтерін талдай келе келесідей қорытынды жасауға болады: заманауи мәселелерге немқұрайлы қарайтын студенттердің үлесі аз: нашақорлықтың және жастар қылмысының өсуі, жалпы мәдениет деңгейінің төмендеуі, экология, азаматтық құқықтар мен еркіндіктердің сақталмауы және бұзылуы.

Осы тұрғыдан алғанда студенттердің жемқорлық мәселесіне қатысты көзқарастарына назар аударған жөн деп ойлаймыз. 2014 жылдың қыркүйек айында беделді республикалық жастар ұйымдарының лидерлері мен студенттік өзін-өзі басқару өкілдері «Нұр Отан» партиясының жемқорлыққа қарсы бағдарламасының жобасын талқылаған болатын және «Таза сессия» акция шеңберіндегі жасырын әлеуметтік сауалнаманың қорытындысын жариялаған еді. Сол сауалнама бойынша студент жастардың 90% сессияны ақшаға тапсыру күнделікті іс деп жауап берген және бұл жағымсыз құбылысқа бірқалыпты қарайды екен. Сауалнамаға елдің 62 ЖОО студенттері қатысты. «ЖОО студенттері жемқорлықтың бірнеше себептерін көрсетеді: студенттердің оқуға деген қызығушылығының болмауы (20,8%), бақылаудың жоқ болуы (18,3%), оқытушылар құрамының жалақыларының төмен болуы (17,3%), кәсібилік деңгейліктің төмендігі (12,6%)» деп көрсетілген пресс-релизде. Жемқорлық көпжағдайда емтихандар мен сынақтарда көбірек кездеседі екен (21,1%), сабаққа қатыспау (9,4%), дипломдық және курстық жұмысты тапсыру (6,4%). Сонымен қатар оқу үрдісінде де жемқорлық бар екендігі анықталды. Студенттен оқытушыға параны беретіндер олар топ басшылары екен (12,6%), формалды емес лидерлер (3,6%), оқытушының таныстары (3%) құрайды. Қолдан қолға пара беруде кездеседі, олар (10%). Сауалнама 26-шы мамырдан 10-шы маусымға дейін жүргізілді. Оған елдің 62 ЖОО 1200 адам қатысқан. Сауалнамаға қатысқан адамдардың орта жасы 20 жас. Респонденттердің 93,4% бакалавриат, 5,2% магистратурада, 1,4% докторантурада оқиды. Олардың 40% грантта, ал 60% ақылы бөлімде оқиды. Сонымен, мәлімет көрсеткіштері бойынша еліміздегі студент жастардың құқықтық мәдениеті төмен болып келеді [6].



Жемқорлыққа деген толерантты қатынасты бірнеше факторлармен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, біздің ойымызша бұл – жемқорлыққа қарсы декларациялық күрес пен шынайы өмірдің арасындағы қарама-қайшылықтар болып табылады. Соңғы уақытта, Қазақстанда жемқорлыққа қатысты дауларды еске түсірсек те жетіп жатыр [7]. Елбасының жемқорлыққа қарсы қаталдығы мен жүргізіп отырған саясатына қарамастан бірқатар шенеуніктер жемқорлық дауына ілікті. Көп жағдайда әлі де болса тергеу істері жүргізіліп жатыр. Бұл мәселеге қатысты мысалдар БАҚ әлеуметтік желілерде өте көп [8]. Аталған жемқорлық істердің барлығы БАҚ ашық талқылануда, соның ішінде әлеуметтік желілерде. Талқылауға студенттік жастар белсенді қатысуда. Зерттеудің нәтижесі бойынша әлеуметтік желілерде 18-29 жас аралығындағы жастар (46,6%) отырады екен [9]. Басқа сөзбен айтқанда студенттер үшін тек қана саясаткерлердің емес, сонымен қатар олардың пірлерінің бейнелері бұзылуда.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің блогына келетін сұрақтарға жүйелі түрде мониторинг жасаймыз.


200 сұрақтың 45-і (23%) студенттерден түседі. Мысалы, «Мамандық бойынша жұмыс табыла ма?», «Әскерге шақырғанда грант сақтала ма?», «Басқа университетте оқылған жалпы

білім беру пәндерінен босату алуға бола ма?», «Егер, университеттің ректоры құжаттарға қол қоймауы дұрыс па?» және т.б. Сонымен қатар, академиялық ұтқырлық, грант бөлу, басқа университетке ауысу, ауыл квотасы, PhD-докторантураға түсу секілді сұрақтар да кездеседі.

Мысалы, «университет ректорының қабылдамауы (документке қол қоймауы) қаншалықты заңды?», «IELTS, TOEFL сертификаттарымен магистратураға түсу қаншалықты мүмкін?», ««Экология» мамандығы бойынша PhD докторанты болып қабылданып (2013 жылғы 27 қарашадағы 127-Д бұйрығы). Биыл күзде алдын ала қорғаудан өтуі керек еді. Өкінішке орай алдын ала қорғаудан өтуіне университет тарапынан кедергілер болды, соны шешімін табады деп ойлаймын» [10] (1-сурет).

Сонымен, студенттерді өздеріне қатысты нақты мәселелерді заң шеңберінде шешу қызықтырады. Дегенмен, көптеген сұрақтарды оқып отырған ЖОО-ға жіберіп, солардан алуға да болатын еді.

Ресейлік зерттеушілер, қазіргі таңда студенттердің құқықтық мәдениетінің дамуы мен қызмет етуін сипаттайтын негізгі қайшылықтарды анықтаған болатын [11]. Біздің ойымызша, бұл қайшылықтар қазақстандық студенттерге де тән болып келеді.



1.6-сурет – Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігіне қойылған сұрақтар

Сонымен, қазақстандық студент жастардың саяси-құқықтық мәдениетін көтеру үшін келесі қайшылықтарды шешу қажет: «студенттің құқықтық салаға қызығушылық деңгейімен

және заңдар мен оларды қолдану түсініктерінің қайшылықтары; заңды ұстанатын идеалды азамат пен құқықтық мемлекет құрылуы үрдісінің ықпалына түскен шынайы азаматтың арасындағы

қайшылықтар», студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырып дамытатын маңызды фактор ретінде декларациялық білім берудің рөлі мен күнделікті тәжірибеде құқықтық нормаларды сақтауға әлсіз ықпал етуі; студенттің ішкі еркіндігінің өсуімен оқытушының оған дайын еместігінің арасындағы қайшылықтар [12].

Шын мәнісінде, негізгі құндылығы сайлау болып табылатын кез келген қоғамда, сайлау науқаны тәртібінің барлық кезеңдерінде, әсіресе бірінші кезекте, үміткерлер назарындағы басты нысан-сайлаушылар туралы нақты ақпарат алмай, оны тиімді іске асыру мүмкін емес.

Салмақты саясаткердің өз мүмкіндіктерімен қатар, сайлаушылардың да талап-тілектеріне талдау жасамастан сайлау алдындағы таласқа кірісуі де мүмкін емес.

Жастардың электоралды қатысуына жүргізілген зерттеулер, олардың сайлаудағы тәртібін (мінез-құлқын) саяси, экономикалық, этникалық, идеологиялық, психологиялық және басқа факторлардың сипаттары арқылы анықтауға мүмкін болатынын көрсетті.

Ғалымдар жастардың электоралды мінез-құлқын анықтайтын түрлі факторларды шартты түрде екі топқа бөледі: объективті және субъективті топтар [13].

Біріншісіне әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар жатады. Субъективті факторлар сайлаушының әлеуметтік-демографиялық сипатын (жынысы, білімі, жасы), партия мен үміткердің саяси бағдарламасы туралы, құндылық пен саяси бағдар туралы ақпараттылық деңгейін қамтиды. Басқаша айтқанда, жастардың жеке топтарының әлеуметтік жағдайындағы ерекшеліктерді, олардың мүддесі мен саяси бағдарындағы айырмашылықтарды көрсететін жастардың мінез-құлықтарының өз ерекшеліктері бар. Сондықтан, жастардың түрлі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарға қаншалықты сенетінін, олардың саяси көңіл күйі, саяси мінез-құлқының уәжі мен электоралды белсенділігі арқылы да жорамалдауға болатыны сөзсіз.

Сол себепті нақ осы бөлімде студенттердің электоралды мінез-құлқына зерттеу жүргізіледі, онда олардың көңіл күйі мен мүддесі айтарлықтай қамтылады.

Тұтастай алғанда, қазақстандық студенттер өздерінің жоғары электоралды мәдениетін ұдайы көрсетіп жүр. Халықаралық бақылаушы: «Сіздің жастар, дауыс берудің барлық тәртібінің қалай ұйымдастырылғанын, оның жүйелілігін біледі, біз осы мәселеге ерекше қызығушылық

таныттық» – деп атап көрсеткен болатын. Оның сөзіне қарағанда, бөлімдердегі көптеген территориялық сайлау комиссиясы төрағалары қатарында білікті жастар болған [14].

Біз студенттердің жауапкершілігі мен рационалдылығын (ұтымдылығын), олардың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейін көреміз. Жастар сайлау кезінде заң бұзушылықты анықтау процесіне қатысты. Мысалы, жастар сайлау процесін бақылаушыларға арналған тренингтерден өтті. Жас сайлаушылар Лигасының алғашқы (бірінші) үйлестіру (координациялық) кездесуіне Қазақстан жастары ақпараттық қызметі (ҚЖАҚ) сайлауында аккредиттелген 36 бақылаушы қатысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, семинар сайлау науқанының жүру барысы мен сайлау күнгі дауыс беру барысын бақылаушылардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік беруі тиіс.

Тренингке қатысушыларды, негізінен жастар құрады. Олардың айтуынша, көпшілігі өз кезегінде, бұрын өткен сайлау барысында дауыс беру күні сайлаушылар құқығы бұзылуының куәгерлері болды. Енді олар 20 наурызда да осы секілді жағдайлардың болғанын қаламайды. Олардың бір бөлігі Қазақстанның демократиялық қағидаға қаншалықты сәйкестігіне көз жеткізуі үшін сайлау науқанын және дауыс беру күнгі сайлау процесін ішкі жақтан көргісі келеді [15].

Университеттік қызмет арқылы жастардың электоралды-құқықтық мәдениетін қалыптастыратын шаралар кешенін жасау, студенттер мен мемлекеттік билік органдары арасында диалог (сұхбат) құру өзекті (маңызды) бола бастағаны анық. Мемлекеттік билік органдарымен, депутаттармен, құқық қорғау органдарымен, жастар ұйымдарымен бірлескен шаралар өткізу, университеттік клубтар мен үйірмелер жұмыстарына қатысу электоралды-құқықтық мәдениетті арттырады [16].

Сонымен бірге, сайлаушылардың парламенттік сайлауға қарағанда, президент сайлауына келуі қашанда жоғары. Елдегі осы жоғары қызметтің сайлаушылар үшін маңыздылығы туралы айтар болсақ, суперпрезиденттік саяси жүйе себебінен президент өкілеттілігі зор. Осылайша, 2015 жылғы сайлауда сайлаушылардың ерекше белсенділігі 95,22%-ға жетті, яғни бұл – дауыс беруге құқығы бар тұрғындардың барлығы.

Жоба орындаушылары өткізген сауалнамаға сәйкес, 2015 жылы студент жастардың 92%-і президент сайлауына, 67%-і парламенттік сайлауға қатысқан.

Қазақстанда жастардың электоралды белсенділігінің жоғары көрсеткішіне қарамастан, шындығында қазақстандықтарда үміткерлер таңдау процесіне жеке қызығушылықтары жоқ және олардың дауыстарының бірдеңені шешуі мүмкін екенін жете түсінбейді. Ең дұрысы, бұл беталыс жас азаматтардың электоралды белсенділігінің «тәртіптік» сипатын көрсетеді, яғни Кеңес Одағы уақытынан бері дағдыға айналған мемлекет алдындағы азаматтық борыш сезімі іспетті.

Қазақстан сайлаушылары келуінің ең төменгі деңгейінің Мәслихат сайлауында байқалуы таңқаларлық; Мәжіліс сайлауына келу деңгейі орташа, ал Президент сайлауында адамдардың келуі ең жоғары деңгейде [17].

2016 жылғы сайлау науқанының жаңа әдіс-тәсілдерінде қандай да бір айырмашылық болған жоқ. Барлық уақытта белгілі саяси жарнама қолданылды. Өзгешеліктің бірі – әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жасаулары болуы мүмкін.

Дегенмен, негізгі назар аударылатын мәселе – тіпті партиялардың саяси технологиялары да, олардың үгіттеу науқанындағы мазмұны да емес. Дәл осы уақытта қоғамда теңгенің жаңа девальвациясы, әлемдегі тұрақсыздық жағдай, мұнай бағасының төмендеуі жөнінде үрей болған. Сол себепті студенттердің көпшілігі сынға алса да, реформалар ұсынып қана қоймай, осы реформаны жүзеге асыруда нақты қоры бар «Нұр-Отан» үшін дауыс берді [18].

Біздің зерттеулерімізге сәйкес, студенттердің Қазақстандық саяси партияларды қолдауының төмендігі келесідей себептермен байланысты.

Біріншіден, студенттердің пікірінше, қазіргі саяси партиялар олардың талап-тілектерін білдірмейді.

Екіншіден, саяси партиялардың іс жүзінде (шынайы) билігі жоқ және ықпалы шектеулі.

Үшіншіден, сайлау алды бағдарламалар қайталанатын, онда жастардың өзекті мәселелерін шешудің нақты тетіктері қарастырылмаған.

Іс жүзінде өткізілген барлық сайлау науқандары айқындылығы, студенттердің жаппай түсінігінде әлеуметтік-экономикалық құндылықтың басты орында (97%) екендігін көрсетті [19].

Сондықтан, барлық үміткерлердің үгіттеу шаралары барысында, таяудағы жылдардың негізгі міндеттері ретінде экономикалық дағдарыстан шығу, қажетті өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету, бітірген соң еңбекке орналасуға сендіру туралы айтылды. Сонымен бірге, қоғамның, соғыс

пен бейбітшіліктің бірігіп нығаю мәселесі де сайлаушылардың көңіл күйлері үшін маңызды.

Қазақстандағы студенттердің электоралды мәдениетін электоралды мінез-құлықтың патриархалды, конформистік және рационалды үлгісінің субмәдениет элементтері қамтылған геторогенді типтегі мәдениет ретінде бағалауға болады.

Студенттердің саяси мінез-құлқына анағұрлым ықпал ететін мәселелер арасында, елдің материалдық әл-ауқаты мен экономикалық дамуы мәселелері бірінші орында қала береді. Бұл факторлар қазіргі экономикалық жағдайда электоралды мінез-құлықты анықтаушы және электоралды мінез-құлықта көрінеді. Тұтастай алғанда, рационалды және рационалды емес факторларды талдау иррационалды артықшылықтың басым болуы беталысын белгілеуге мүмкіндік береді.

Студенттердің электоралды мәдениетіне, осы уақытқа дейін қалыптаспаған партиялық сәйкестендіруге негізделген партияның тұлғалық бағдарлану артықшылығы тән. Парламенттік сайлаулардағы студенттер мінез-құлқының президент сайлауындағы электоралды нұсқамадан едәуір өзгешелігі көрінді.

Егер студенттер, өздерінің жеке мүдделері мен талап-тілектерінің қозғалғанын түсінсе, электоралды белсенділік артады. Студенттік электораттың мінез-құлқы эмоционалды бояуға жиі ұшырайды. Егер саяси мінез-құлық ең алдымен эмоцияға негізделсе, бұл жағдайда ол оқиғаның немесе сол үміткердің ықпалымен кенет өзгеруге дайын болады. Тұтастай алғанда, егер азаматтың ақпарат алуға қолжетімділігі кең болса, онда сайлаушыға рационалдылық пен салауаттылық тән.

Қазақстандық студенттердің электоралды мәдениетіне жүргізілген әлеуметтік зерттеулер қорытындысы негізінде, келесідей студенттік электорат типологиясын ұсынуға болады:

– белсенділер (31,2%), олар – сайлауға баруға анағұрлым дайындығын көрсеткендер. Қағида бойынша, сайлаушылардың бұл типі, сайлауға дейін сол немесе басқа үміткерді таңдауына мақсаты бар.

– жағдайлық электорат (34,7%) – дауыс беруге қатысуы сол немесе басқа нақты сайлаудағы мүдделілігімен байланысты сайлаушылар;

– бейтарап электорат (23,9%) – сайлау бюллетеньдерін салатын арнайы жәшікке тек басқа адамдардың ықпалымен келетін сайлаушылар;

– абсентеистер (10,2%) – ешқандай жағдайда да дауыс бермейтіндер [20].

Электорат жағдайын бағалаудың сенімділігін анықтау қашанда қиын, өйткені өзінің саяси артықшылығында анықталмаған «құбылмалы электорат» деген үнемі бар.

Қазіргі жағдайда, студенттердің электоралды-құқықтық мәдениетін арттырудың түрлі формалары мен әдістерін қамтитын тәжірибелік іс-шаралар кешені қажет. Қазақстанда студенттердің электоралды мәдениетін арттырудың келешегі сайлау процесінің ашықтығын қамта-

масыз етуде көрінетін биліктің белсенділігімен, жастардың әл-ауқаты деңгейін арттыруға жағдай туғызатын әлеуметтік-экономикалық жағдайды құруда елді көтерудің дәрежесімен байланысты.

Саяси әлеуметтендіру институттары қажетті білім мен тәжірибелік дағдыларды арттыруға бағытталуы тиіс, сайлау процесіне қатысу жұмылдыру арқылы емес, керісінше ерікті және саналы түрде қатысуға дағдылану керек.

### Әдебиеттер

- 1 Живцов В.Ю. Организационно-педагогические условия формирования правовой культуры студента университета: дис. канд. пед. наук. – Самара, 2008. – 202 с.
- 2 Молодежь Казахстана-2015 г. // Национальный доклад. – 2015. – С. 233.
- 3 Сколько в Казахстане стоит «сдать сессию» в ВУЗе // <https://www.nur.kz/331498-skolko-v-kazahstane-stoit-sdat-sessiyu-v-vuze.html>
- 4 Самые громкие коррупционные скандалы в РК // <https://kapital.kz/gosudarstvo/41635/samye-gromkie-korruptsionnye-skandalov-v-rk.html>
- 5 Десять самых громких коррупционных дел в Казахстане за последние годы <http://www.time.kz/articles/Infografika/2015/06/04/10-samih-gromkih-korruptsionnih-del-v-kazahstane-za-poslednie-godi> // [vlast.kz/politika/neravnyj\\_boj\\_8\\_gromkih\\_korruptsionnyh\\_skandalov\\_v\\_kazahstane-8464.html](http://vlast.kz/politika/neravnyj_boj_8_gromkih_korruptsionnyh_skandalov_v_kazahstane-8464.html)
- 6 Черных И. Интернет-коммуникации в Казахстане: степень мобилизационного потенциала (по результатам социологического исследования). – Алматы, 2014. – С. 49.
- 7 Блог Министра образования и науки Республики Казахстан <https://dialog.egov.kz/blogs/32774/welcome>
- 8 Савин В.Н. Правовая культура студентов в современных условиях: социологический анализ. – Екатеринбург, 2011. – С. 6-7.
- 9 Exit-poll, проведенного Центром социальных и политических исследований «Стратегия» на президентских выборах // [www.ofstrategy.kz/](http://www.ofstrategy.kz/)
- 10 Молодежь Казахстана: Проведение досрочных парламентских выборов является закономерным решением на пороге больших реформ // [http://bnews.kz/ru/news/poslednie\\_novosti\\_ob\\_initiative\\_deputatov](http://bnews.kz/ru/news/poslednie_novosti_ob_initiative_deputatov)
- 11 Приложение к постановлению Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 22 марта 2016 года № 30/126 «Сообщение об итогах внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан шестого созыва» // URL: <http://www.election.kz/rus/news/messages/index.php? ID=3294>.
- 12 Международные наблюдатели отметили высокую активность казахстанской молодежи на выборах [http://www.inform.kz/en/mezhdunarodnye-nablyudateli-otmetili-vysokuyu-aktivnost-kazahstanskoy-molodezhi-na-vyborah\\_a2883986](http://www.inform.kz/en/mezhdunarodnye-nablyudateli-otmetili-vysokuyu-aktivnost-kazahstanskoy-molodezhi-na-vyborah_a2883986)
- 13 <http://365info.kz/2016/03/molodezh-protiv-narushenij-na-vyborah/>
- 14 Илеуова Г. Какая страна такие эксперты // <http://sayasat.org/tribune>
- 15 Pirie Madsen, Robert M. Worcester. 1998. Millennium Generation. – Smith Institute, 1998. – 200 p.
- 16 Karl-Dieter Opp. Theories of Political Protest and Social Movements: A Multidisciplinary Introduction, Critique, and Synthesis. – New York: Routledge, 2009. – 448 p.
- 17 Norris Pippa. Gender equality and Cultural Change around the World. – Cambridge University Press, 2003. – 227 p.
- 18 Elowitz L. Contemporary international politics. – USA, 1986. – P.106-107.
- 19 Насимова Г.О. Электоральное поведение казахстанских граждан. – Алматы, 2007. – С. 19.
- 20 Президентские выборы в Казахстане: факты, анализ, комментарии / под общ. ред. Ж. Кулекеева. – Астана: Академия госуправления, 2006. – С. 51.

### References

- 1 Zhivtsov V.YO. Organizatsionno- pedagogicheskye usloviya formirovaniya pravavoy kultury studentauniversiteta : dis. kand. ped. nauk. - Samara, 2008.- 202 s.
- 2 Molodezh Kazakhstana-2015 g. // Natsionalnyi doklad. 2015.-S. 233.
- 3 Skolko v Kazakhstane stoit «sdat sessiu» v VUSE // <https://www.nur.kz/331498-skolko-v-kazahstane-stoit-sdat-sessiyu-v-vuze.html>
- 4 Samye gromkiye korruptsionnye skandalov v // <https://kapital.kz/gosudarstvo/41635/samye-gromkie-korruptsionnye-skandalov-v-rk.html>
- 5 Desyat samyx gromkiye korruptsionnyx del v Kazakhstane za poslednye godi // [vlast.kz/politika/neravnyj\\_boj\\_8\\_gromkih\\_korruptsionnyh\\_skandalov\\_v\\_kazahstane-8464.html](http://vlast.kz/politika/neravnyj_boj_8_gromkih_korruptsionnyh_skandalov_v_kazahstane-8464.html)



- 6 Chernyx I. Internet – kommunikatsyy v Kazakstane: stepen` mobilizatsionnogo` potenciala ( po rezultatam sotciologicheskogo issledovaniya).- Almaty, 2014.-S.49.
- 7 Blog Ministra obrazovaniya b nauki Respubliki Kazakhstan <https://dialog.egov.kz/blogs/32774/welcome>
- 8 Savin V.N. Pravovaya kul`tura studentov v sovremennykh usloviyax : sotciologicheskyy analiz.- Ekaterinburg , 2011. -S.6-7.
- 9 Exit-poll, provedennogo Tcentrom sotciol`nix i politicheskikh issledovaniy «Strategia»na prezidentskikh viborax //www.of-strategy.kz/
- 10 Molodezh` Kazakhstan: Provedeniya dosrochnykh parlamentskykh vyborov yavlyayetsya zakonomernym resheniem na poroge bol`shyx reform //http://bnews.kz/ru/news/poslednie\_novosti\_ob\_initsiative\_deputatov
- 11 Prilozheniye k postanovleniyu Tsentral`noy izbiratel`noy komissii Respubliki Kazakhstan ot 22 marta 2016 goda № 30/126 «Soobshcheniye ob itogakh vneochednykh vyborov deputatov Mazhilisa Parlamenta Respubliki Kazakhstan shestogo sozyva» // URL: [http://www.election.kz/rus/news/messages /index.php? ID = 3294.](http://www.election.kz/rus/news/messages/index.php?ID=3294)
- 12 Mezhdunarodnyye nablyudateli otmetili vysokuyu aktivnost` kazakhstanskoy molodezhi na vyborakh [http://www.inform.kz/en/mezhdunarodnyye-nablyudateli-otmetili-vysokuyu-aktivnost-kazakhstanskoy-molodezhi-na-vyborakh\\_a2883986](http://www.inform.kz/en/mezhdunarodnyye-nablyudateli-otmetili-vysokuyu-aktivnost-kazakhstanskoy-molodezhi-na-vyborakh_a2883986)
- 13 [Http://365info.kz/2016/03/molodezh-protiv-narushenij-na-vyborah/](http://365info.kz/2016/03/molodezh-protiv-narushenij-na-vyborah/)
- 14 Ilevova G. Kakaya strana takiye eksperty //http://sayasat.org/tribune
- 15 Piri Medsen, Robert M. Vuster. 1998 god. Vyrabotka tysyacheletiya. - Institut Smita, 1998 god. - 200 r.
- 16 Karl-Diter Opp. Teorii politicheskogo protesta i sotsial`nykh dvizheniy: mul`tidistsiplinarnoye vvedeniye, kritika i sintez. New York: Routledge, 2009.- 448 p .;
- 17 Norris Pippa. Gendernoye ravenstvo i kul`turnyye izmeneniya vo vsem mire. - Cambridge University Press, 2003. - 227 r.
- 18 Eloits L. Sovremennaya mezhdunarodnaya politika. - USA, 1986. - S. 106-67.
- 19 Nasimova G.O. Elektoral`noye povedeniye kazakhstanskikh grazhdan.- Almaty, 2007.- S.19.
- 20 Prezidentskiye vybory v Kazakhstane: fakty, kommentarii, kommentarii / Pod obshch. Red. Kulekeyeva ZH. - Astana: Akademiya gospravleniya, 2006.- S. 51.